Түркістан қаласы әкімдігінің «Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Түркістан-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

№ 03 хаттама

Түркістан каласы **«21» қыркүйек 2026 жыл**

Өткізу орны: «Түркістан-Су» МКК.
Өткізу уақыты: 21.09.2026 жылғы сағат 10:00.
Жиналыс төрағасы: Б.Мурзабеков
Хатшысы: Т.Раушанова
Қатысушылар: Бөлім басшылары және қызметкерлер.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Түркістан-Су» МКК-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жұмысын ұйымдастыру.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және оларды төмендету жөніндегі шаралар.
3. Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтауы.
4. Комплаенс қызметінің жұмысын жетілдіру және анықталған кемшіліктерді жою.

ТЫҢДАЛДЫ:

Жиналыстың төрағасы **Б. Мурзабеков** жиналысты ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Б.Мурзабеков кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі түрде жүргізудің, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алудың және кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтауын қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жұмысын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге» сәйкес ұйымдастыру қажеттігін атап өтті.

Отырыстың төрағасы күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша баяндама жасау үшін сөзді **комплаенс офицері М. Сейтхалиевке** берді.

1. Бірінші мәселе бойынша

Комплаенс офицері М. Сейтхалиев сөз сөйлеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің кәсіпорын қызметіндегі маңыздылығына тоқталды.

Өз сөзінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереженің» талаптарын сақтау қажеттігі айтылды.

2. Екінші мәселе бойынша

Комплаенс офицері М.Сейтхалиев кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін негізгі бағыттарға тоқталды.

Атап айтқанда, келесі бағыттар бойынша тәуекелдердің алдын алу қажеттігі атап өтілді:

- мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу;
- тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
- абоненттермен жұмыс жүргізу және төлемдерді қабылдау;
- кадрлық шешімдер қабылдау;
- материалдық құндылықтарды есепке алу және пайдалану;
- қызметтік көліктер мен жанар-жағармай материалдарын пайдалану;
- шарттарды жасасу және орындау;
- азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау.

3. Үшінші мәселе бойынша

Кәсіпорынның кадр маманы Т.Раушанова кәсіпорын қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді, мүдделер қақтығысын болдырмау талаптарын және қызметтік міндеттерді адал орындау қағидаттарын сақтау қажеттігін түсіндірді.

Қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жеке мүдделерін қызметтік мүдделерінен жоғары қоймау, заңсыз сыйлықтар мен материалдық игіліктерді қабылдамау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге жол бермеу қажеттігі ескертілді.

4. Төртінші мәселе бойынша

Комплаенс офицері М.Сейтхалиев комплаенс қызметінің жұмысын жетілдіру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және олардың алдын алу бойынша тұрақты жұмыстар жүргізу қажеттігін атап өтті.

Анықталған кемшіліктер бойынша тиісті ұсыныстар әзірлеу, кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп алдын алу шараларын ұйымдастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың орындалуына мониторинг жүргізу қажеттігі айтылды.

Құрылымдық бөлімше басшылары кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру және ішкі бақылау рәсімдерін жетілдіру жөнінде ұсыныстарын білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. «Түркістан-Су» МКК-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жұмысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес ұйымдастырылсын.

2. Комплаенс офицері М. Сейтхалиевке:

- кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және талдау;
- анықталған тәуекелдерді төмендету жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылау;
- комплаенс қызметінің жұмысы туралы тиісті есептер мен ақпараттарды белгіленген тәртіппен дайындау тапсырылсын.

Орындау мерзімі: тұрақты.

3. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімше басшыларына:

- бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтауын қамтамасыз ету;
- қызметтік міндеттерді орындау кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеу;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жағдайда бұл туралы комплаенс офицеріне хабарлау;
- ішкі бақылау және есептілік рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз ету тапсырылсын.

Орындау мерзімі: тұрақты.

5. Кәсіпорынның кадр маманына комплаенс офицері М.Сейтхалиевпен бірлесіп, қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру тапсырылсын.

Орындау мерзімі: «12» қазан 2026 жылға дейін.

5. Кәсіпорын қызметкерлеріне:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарын сақтау;
- қызметтік өкілеттіктерді жеке мақсатта пайдалануға жол бермеу;
- заңсыз сыйлықтар мен сыйақыларды қабылдамау;
- мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда бұл туралы тікелей басшыға және комплаенс офицеріне хабарлау міндеттелсін.

6. Осы хаттамада көрсетілген тапсырмалардың орындалуын бақылау **«Түркістан-Су» МКК директор орынбасары С.Дайрабайға** жүктелсін.

Жиналыс төрағасы: **Б.Мурзабеков**

Жиналыс хатшысы: **Т.Раушанова**